

Жиналыстар, митингілер, шерулер, пикеттер және демонстрациялар өткізудің қосымша тәртібін реттеу туралы

Күшін жойған

Шығыс Қазақстан облысы Риддер қалалық мәслихатының 2016 жылғы 11 наурыздағы № 43/20-V шешімі. Шығыс Қазақстан облысының Әділет департаментінде 2016 жылғы 8 сәуірде № 4478 болып тіркелді. Күші жойылды - Шығыс Қазақстан облысы Риддер қалалық мәслихатының 2020 жылғы 21 шілдедегі № 45/4-VI шешімімен

Ескерту. Күші жойылды - Шығыс Қазақстан облысы Риддер қалалық мәслихатының 21.07.2020 № 45/4-VI шешімімен (04.06.2020 бастап қолданысқа енгізіледі) .

Р Қ А О - н ы ң е с к е р т п е с і .

Құжаттың мәтінінде түпнұсқаның пунктуациясы мен орфографиясы сақталған .

"Қазақстан Республикасында бейбіт жиналыстар, митингілер, шерулер, пикеттер және демонстрациялар ұйымдастыру мен өткізу тәртібі туралы" Қазақстан Республикасының 1995 жылғы 17 наурыздағы Заңының 10 - бабына, " Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы Заңының 6 бабының 1 - тарауының 15) тармақшасына сәйкес Риддер қалалық мәслихаты

Ш Е Ш Т І :

1. Жиналыстар, митингілер, шерулер, пикеттер және демонстрациялар өткізудің ұсынылған қосымша тәртібі бекітілсін.

2. Осы шешім алғаш ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Сессия төрағасы

Қалалық мәслихат хатшысы

Н. ЗАМЯТИН

И. ПАНЧЕНКО

Қосымша Риддер
қалалық мәслихатының
2016 жылғы 11 наурыздағы
№ 43/20-V шешімі

Жиналыстар, митингілер, шерулер, пикеттер және демонстрациялар өткізудің қосымша тәртібін реттеу

1. Жиналыстар, митингілер, шерулер, пикеттер және демонстрациялар, сондай - ақ оларға қатысушылардың сөз сөйлеуі өтініште көрсетілген мақсатқа

сәйкес, белгіленген мерзімде және келісілген жерде өткізіледі.

2. Митингілер және жиналыстар өткізілетін орындар: Риддер қаласы

1) Риддер қаласы, Гагарин даңғылы, 19/1 мекенжайы бойынша орналасқан "Сокол" стадионы;

2) Риддер қаласы, Тәуелсіздік даңғылы, № 5 үй ауданы мекенжайы бойынша орналасқан Тойшыбаев атындағы гүлбақ;

3) Риддер қаласы, Буровая көшесі, № 6 үй ауданы мекенжайы бойынша орналасқан гүлбақ.

3. Шерулер мен демонстрациялар өткізу орындарына маршруттар: Риддер қаласы

1) Риддер қаласы, Гагарин даңғылы, № 15 үй ауданы мекенжайы бойынша орналасқан Даңқ саябағынан Риддер қаласы, Гагарин даңғылы, 19/1 мекенжайы бойынша орналасқан "Сокол" стадионына дейін.

4. Жиналыстарды, митингілерді, шерулерді, пикеттерді, демонстрацияларды өткізу кезінде уәкілдер (ұйымдастырушылар), сондай-ақ басқа да қатысушылар қоғамдық тәртіпті сақтайды.

5. Шараларды ұйымдастырушылар мен оларға қатысушылардың:

1) көліктің және жаяу жүргіншілердің қозғалысына бөгет жасауына;

2) елді мекеннің инфрақұрылым нысандарының үздіксіз жұмыс істеуіне кедергі келтіруіне;

3) Риддер қаласының жергілікті атқарушы органдардың рұқсатынсыз киіз үйлер, шатырлар, өзге де уақытша құрылыстар тұрғызуына;

4) шараны өткізу кезінде қоғамдық тәртіпті қамтамасыз етуші мемлекеттік органдар өкілдерінің қызметіне кез келген түрде араласуына;

5) жасыл желектерге, шағын сәулет нысандарына залал келтіруіне;

6) өзімен бірге суық қаруды, атыс және өзге де қаруды, сондай-ақ адамдардың өмірі мен денсаулығына қарсы, азаматтарға және заңды тұлғалардың меншігіне материалдық залал келтіру үшін пайдаланылуы мүмкін арнайы жасалған немесе бейімделген заттарды алып жүруіне;

7) егер жиналысты, митингіні, шеруді, пикет қоюды немесе демонстрацияны өткізудің мақсаты нәсілдік, ұлттық, әлеуметтік араздықты, діни төзімсіздікті, тектік астамшылықты қоздыру, республиканың конституциялық құрылысын күш қолданып құлату, аумақтық тұтастығына қол сұғу, сондай-ақ Қазақстан Республикасы Конституциясының, заңдары мен өзге де нормативтік актілерінің басқа қағидаларын бұзу болса, немесе оларды өткізу қоғамдық тәртіп пен азаматтардың қауіпсіздігіне қатер төндіретін болса.

6. Жиналыс, митинг, шеру, пикет немесе демонстрация өткізілетін жерлерде алкогольдік ішімдіктер ішуге, есірткі құралдарын, психотроптық заттарды, олардың үйлестіктерін пайдалануға; транспорттар, ұрандар, басқада

материалдар пайдалануға (визуалды, аудио/видео); сонымен қатар қоғамдық тәртіпті бұзуға, қоғамға қарсы мінез-құлыққа және басқа құқық бұзушылыққа шақыратын көпшілік алдындағы сөздерге жол берілмейді.

7. Пикеттер өтініште көрсетілген мақсаттарға сәйкес өткізілуі тиіс.

8. Пикет өткізу кезінде:

- 1) пикет өткізу нысанының жанында тұруға, отыруға;
- 2) көрнекі үгіт құралдарын пайдалануға;
- 3) қысқа ұрандар айтуға, пикеттің тақырыбы бойынша ұрандар айтуға рұқсат етіледі.

9. Пикетті тұрпатын өзгерту/өзге түрде жалғастыру үшін митинг, жиналыс, шеруге Риддер қаласы жергілікті атқарушы органның белгіленген тәртіптегі рұқсатын алу қажет.

10. Бұқаралық шараларды темір жол, су және әуе көлігінің нысандарында, сондай-ақ мемлекеттің қорғаныс қабілетін, қауіпсіздігін және халықтың тіршілігін қамтамасыз ететін ұйымдардың (қалалық қоғамдық көлік, сумен, электр қуатымен, жылумен және басқа энергия көздерімен жабдықтау) жанында, денсаулық сақтау мен білім беру мекемелерінің жанында өткізуге жол берілмейді.

11. Егер өтініш берілмеген болса, тыйым салу туралы шешім шығарылса, өткізу кезінде көзделген тәртіп бұзылған жағдайда, сондай-ақ азаматтардың өмірі мен денсаулығына қауіп төнетін, қоғамдық тәртіп бұзылатын жағдайда жиналыстар, митингілер, шерулер, пикеттер мен демонстрациялар Риддер қаласының жергілікті атқарушы органы өкілінің талап етуі бойынша тоқтатылуы тиіс.

12. Риддер қаласының жергілікті атқарушы органы өкілінің талабын орындаудан бас тартылған жағдайда оның нұсқауы бойынша ішкі істер органдары тарапынан жиналысты, митингіні, шеруді, пикет қоюды және демонстрацияны тоқтату бойынша қажетті шаралар қолданылады.